



# Magzhan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 35 (834) 29 тамыз 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi | https://vk.com/Magzhan zhuldizi | e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

С ПРЕЗИДЕНТ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ XXXIII ЖАЗҒЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Мемлекет басшысы, ең алдымен, Олимпиада чемпионы Елдос Сметовтің жеңісіне ерекше тоқталды.

Ол байрақты бәсекенің алғашқы күндері Жақсылық Үшкемпіровтің даңқты жолын жалғады. Ел тарихында тұңғыш рет дзюдодан Олимпиаданың алтын медалін алды. Елдос бауырым, сен Олимпиадаға аттанар алдында маған және барлық спорт жанкүйерлеріне бар күш-жігерімді жеңіске жету үшін жұмсаймын деп уәде бердің. Сөзіндетурдың. Нағыз жігітсің! Біз баріміз сені мақтан тұтамыз. Шын мәнінде, қатарынан үш рет Олимпиада жүлдегері атану – нағыз чемпионның қолынан келетін өрлік. Сенің жеңісті жолың спортшыларымызға жігер берді, барша халқымызды қуанышқа беледі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев төртжылдықтың додасынан жүлдемен оралған өзге спортшыларға, бапкерлер мен атлеттерді дайындауға үлес қосқан азаматтарға алғыс айтты.

Нариман Құрбановтың күміс жүлдесін тарихи жетістік деуге болады. Гимнастика шеберлері тұңғыш рет Олимпиада биігін бағындырып отыр. Демеу Жадыраев пен Нұрбек Оралбай тамаша өнер көрсетті. Мергендеріміз Александр Ле мен Ислам Сәтбаев нысана кездеуден

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиынаға қатысушы спортшылар мен бапкерлерді Париж Олимпиадасындағы жетістіктерімен құттықтап, әрбір жеңіс зор ерік-жігер мен қажырлы еңбектің жемісі екеніне назар аударды, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

қола медаль алды. Бұл – 28 жылдан бері еліміздің осы спорт түрінен алған алғашқы жүлдесі. Балуан Ғұсман Қырғызбаев пен боксшы Назым Қызылбай жүлдегерлер қатарына қосылды. Жалпы барлық мемлекет Олимпиадаға ең мықты спортшыларын жібереді. Шын мәнінде, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығып, әлемдік бәсекеде жеңіске жету оңай емес. Мұндай жаһандық додада ел қоржынына түскен әр медальдің орны айрықша. Сондықтан бүгін мен Олимпиада жүлдесіне ие болған барша спортшыларымызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Жеңіс жолында спортшы ғана емес, сол саланың көптеген мамандары да тер төгеді. Мен бапкерлер, спортшыларды дайындауға үлес қосқан басқа да кәсіп иелеріне алғыс айтамын. Ұлттық Олимпиада комитетінің басшылары жұмысқа жаңа серпін беріп, халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін маңызды қадам жасады. Жауапты сәттерде спортшыларымыздың қасында болып, қолдау көрсетті. Ұлттық Олимпиада комитеті бастаған істі жалғастырып, алдағы уақытта нақты нәтижеге жетеді деп ойлай-

мын, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Париждегі бәсеке олимпиадалық спорт түрлерін одан әрі қолдау маңызды екенін көрсетті. Өйткені кейбір спортшыларымыз жеңіс тұғырына қолсозым жерден тоқтады, үздік ондықтан көрінді. Бұл олардың шеберлігін әрі жеңіске деген ерік-жігерін байқатады. Әйтсе де, Мемлекет басшысының пікірінше, кәсіби спортта шешімін күткен түйткілді мәселелер де баршылық.

Мемлекет ең жоғары деңгейдегі спортшыларды дайындауға жеткілікті мөлшерде қаржы беледі. Сондықтан жұртшылықтың халықаралық жарыстарда кейбір спорт түрлерінен жүлде кутуі – заңдылық. Салалық ведомство спорттың олимпиадалық түрлерін дамыту ісінде кеткен жүйелі қателіктерді егжей-тегжейлі талдауға тиіс. Кешенді реформа жасайтын уақыт келді. Ал оны жүзеге асыру үшін құзыретті министрлік, Ұлттық олимпиада комитеті және спорт федерациялары үйлесімді әрекет етуі керек. Спортта әділ бәсекеlestік рухы салтанат құруы қажет. Жемқорлықпен табанды түрде күресіп, жоғары нәтижеге қол жеткізуге

кедергі келтіретін протекционизм секілді факторлардан іргені аулақ салған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бұқаралық, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спортына баса мән беру қажет екенін айтты.

Бұл – өте маңызды міндет. Себебі бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз. Сондықтан мемлекет спорт инфрақұрылымын дамыту үшін тиісті қаражат бөледі, яғни балалардың жастайынан алаңсыз спортпен шұғылдануына қажетті жағдайды жасап жатыр. Еліміздің аймақтарында 20 мыңнан астам спорт алаңдары жұмыс істеп тұр, 16 мыңнан аса арнайы кешендер мен залдар бар. Осы нысандардың барлығы толыққанды қызмет етуге тиіс және спортпен айналысамын деген әрбір адамға қолжетімді болуы керек. Барлық облыс орталығында және аудандарда футбол, бокс, күрес, баскетбол, волейбол, садақ ату, үстел теннисі, шахмат және тағы да басқа танымал спорт түрлерінің секциясы болуға тиіс. Бұл – өкімдердің міндеті. Ал Үкімет спорт нысандарының жұмыс тиімділігіне сараптама жүргізіп, осы мәселе бойынша тиісті шаралар қабылдағаны дұрыс, – деді Президент.

### МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

## КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН!

**Құрметті конституциялық азаматтар!** Сіздерді еліміз үшін маңызды мереке – Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1995 жылы осы күні еліміз бүкілхалықтық референдумда дауыс бергеннен кейін Қазақстанды зайырлы, құқықтық және унитарлық мемлекет деп жариялаған Негізгі Заңды қабылдады.

Бүгінгі таңда Конституция – тұрақтылық пен өркендеудің сенімді іргетасы, әрбір қазақстандықтың құқықтары мен бостандықтарының, елдің ілгерілеуінің кепілі болып табылады.

Конституцияның нормалары мен негізгі ережелерінің арқасында тұрақты экономикалық

өсім, халықтың әл-ауқатын және елдің халықаралық аренадағы беделін арттыруды қамтамасыз ететін маңызды өзгерістер орын алды, нарықтық экономика мен демократиялық қоғамның негізі құрылды.

Біз бірлесе заң үстемдігі, әділдік және барлығына тең мүмкіндіктер қағидаттарын басшылыққа алып, Жаңа Қазақстан құрып жатырмыз. Жоспарланған реформалардың басты мақсаты азаматтардың әлауқатын арттыру, мемлекеттілікті дәйекті нығайту және қоғамның үйлесімді дамуы болып табылады.

Мемлекет басшысы біздің алдымызға аса маңызды міндеттер қойды. Кепілділігі Қазақстан халқының бірлігін, қоғамда

бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту, азаматтық жауапкершілікті, адамдардың әл-ауқатын арттыру басым міндеттер болып қала бермек.

Конституцияның жоғары қағидаттарын ұстану алға қойылған міндеттерге қол жеткізуге ықпал ететініне сенімдімін.

Бұл мереке бізге Конституцияда бекітілген қағидаттарды іске асыруға күш пен сенімділік берсін. Сіздерге зор денсаулық, бақыт, жұмыста табыс, бейбітшілік пен байқуатты өмір тілеймін! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы нығайып, дами берсін!

**Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,**  
Конституция Қазақстан облысының өкімі.

**Құрметті мағжандықтар!** Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1995 жылы Қазақстан халқы өзінің тарихи таңдауын жасап, мемлекеттің одан әрі даму жолын айқындады. Бұл барлық қазақстандықтар үшін ерекше оқиға, жаңа қоғам құрылып жатқан сенімді іргетас болды. Конституция азаматтарға негізгі

құқықтар мен бостандықтарға кепілдік береді. Оның арқасында біз еліміздің дамуындағы тұрақтылық, келісім және әл-ауқат жолымен сенімді түрде қадам басамыз.

Конституцияға сәйкес, достық пен бірлік жағдайында мағжандықтар өмір сүріп, еңбек етуде. Біздің ауданымыз әлеуеті зор және ең батыл бастамаларды жүзеге асыруға қабілетті. Біз бірге туған өлкенің

дамуы мен өркендеуіне бағытталған жаңа жеңістер мен жетістіктерге қол жеткізетініміз сөзсіз.

Құрметті жерлестер! Баршаңызға зор денсаулық, бақыт пен амандық, халқымызға бейбітшілік пен келісім, ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасына одан әрі өркендеуі тілеймін!

**Рахат СМАҒҰЛОВ,**  
аудан өкімі.



### ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОҢАҚТАРЫ!

СІЗДЕРДІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕГЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

29 тамыз

- Устел теннисінен аудандық турнирі (ДШСК сағат 10-00-де) сағат 17-00-де "Достық" мәдениет және демалыс саябағы
- "Азат елдің ар намысы-ата заң" мерекелік концерт
- "Ата заңым-Айбыным" аудандық кітапхананың кітап көрмесі
- «Жадың сыйлықтары» көрме-жәрмеңкесі

сағат 19-00-де Аудандық мәдениет үйі

- "Классикадан қазіргі заманға дейін" фортепиано музыкасының концерті (Республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты А. Гришеноква).

30 тамыз

- "Optovik market" супермаркетінің ашылуы (Бұлаев к., Озерная к-сі, 2, сағат 11-00-де)



САППАРАТТЫҚ КЕҢЕС



## ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ - БАСТЫ НАЗАРДА

27 тамыз күні аудан өкімі аппаратының мәжіліс залында аудан өкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аппараттық кеңес өтіп, онда үш сұрақ қаралды.

Алғашқы сұрақ білім беру объектілерінің қауіпсіздігі туралы ауданның білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Талғат Қарабаев баяндама жасады. Оның айтуынша, ПМ мен Оқу-ағарту министрлігінің №117 бірлескен бұйрығына сәйкес аудан мектептері 2 санатқа бөлінген:

1 санат: террористік тұрғыдан осал (одан әрі - ТОО) объектілеріне жататын ауылдық жерлердегі мектептер (16 ауылдық мектеп); бейнекамералармен, дабыл түймесімен, дауыстық хабарландырумен жарақтандырылуы, ЖБО-да бейнекамералар шығарылуы тиіс.

2 санат: аудан орталығының мектептері (4 мектеп) бейнекамералармен, дабыл түймесімен, дауыстық хабарландырумен, ЖБО-да бейнекамераларды шығарумен, металл детекторлары бар мамандандырылған күзетпен жарақтандырылуы тиіс.

Аудан аумағында 46 білім беру нысаны бар, оның ішінде 20 мектеп ТОО нысандарына жатады. Бейнебақылау камераларымен 40 мектеп, 2 балабақша, Алтын ұрпақ қосымша білім беру орталығы, түзету кабинеті және «Аққайың» лагері жабдықталған, бұл 100% құрайды.

Ауданның 46 білім беру объектінде барлығы 1143 бейнебақылау камерасы бар, оның ішінде аналогтық – 693, цифрлық – 450 камера. Сонымен қатар, ағымдағы жылы аналогтық бейнекамераларды сандық камераларға ауыстыру үшін облыстық бюджеттен 18,6 млн. тенге бөлінді. Жұмыстар 25 мектепті қамтумен және жалпы саны 450 камера орнатумен аяқталды.

20 білім беру ұйымдарында дауыстық хабарландыру бар. 36 ауылдық мектепте 36 дана көлемінде аудандық полицияға дубляждалған дабыл түймелерін қосуға және қызмет көрсету үшін «Қасқыр оқу» ЖШС-мен 4,4 млн. тенге сомасана шарт жасалды. Булаев қаласындағы мектептерде тұрғына тану функциясы, асханалар және кітапханалар интеграциясы бар турникеттер орнатылды, арнайы шарттар жасалды. Булаев қаласындағы 4 мектепте күзет, Конохов ОМ турникет орнатылды. ЖБО-ға 5 білім беру ұйымы қосылды.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарында жол қозғалысының келесі белгілері орнатылған: Булаев қаласының 10 білім беру ұйымдары және Фурманов ОМ, Возвышен ОМ, Қарағанды ОМ, Полудин ОМ қажетті жол инфрақұрылымымен толық жабдықталған. Асфальтталған жабыны бар 6 мектепте қажетті белгілер бар, бірақ Надежка ОМ, Октябрь ОМ, Совет ОМ, Полтавка ОМ, Қарағанды ОМ, Медвежка ОМ жасапды тегісіздік жок. «Абайлаңыз, балалар», «Жаяу жүргіншілер өткелі» белгілері орнатылған 5 мектепте жылдамдықтқы шектеу және жасанды тегісіздік белгілері қажет. Молодогвардейское ОМ, Бениш ОМ, Успенка ОМ, Пулемет ОМ, Колосов ОМ, Чистов ОМ жаяу жүргіншілер өткелінің белгісі орнатылған. Еремесев БМ, Пролетарка БМ «Абайлаңыз, балалар» белгісі орнатылған. Әлі де бірақтар білім беру мекемелеріне жоғарыда аталған жол белгілерін орнату қажеттігі бар. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады, - деді Талғат Болатұлы.

Баяндамадан кейін аудан басшысы оқушылардың қауіпсіздігі - әрқашан басты назарда болуы тиіс екенін атап өтті.

- Мектептер үшін қауіпсіздіктің барлық дерлік түрлері өзекті болып табылады: өртке қарсы, терроризмге қарсы, санитарлық, экологиялық, жеке және мүліктік сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау, мекеме аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек пен оқуды қорғау. Сондықтан бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Ауылдық жерлердегі оқушыларды аудан орталығына немесе басқа жақын ауылдарға тасымалдауды да қатаң бақылауда ұстау керек. Мұнда техниканың жарамдылығы мен дайындығын, әсіресе, қыс мезгілінде, сондай-ақ жүргізушілердің мемлекеттік жауапкершілігін бақылауда ұстау қажет. Мектептердің өрт қауіпсіздігі - маңызды фактор. ТЖ бөлімі мен ауылдық округ өкімдері осы бағытта мектеп директорларымен тығыз жұмыс істеуі тиіс, - деді Рахат Назымбекұлы.

Бірінші сұрақ бойынша қосымша көсіптік даярлық және сервис колледжінің директоры Ермек Бөкіров те сөз сөйлеп, білім беру мекемесінде жүргізілген қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат ұсынды.

- Колледж барлық қауіпсіздік шараларымен қамтылған. Жеке күзет ұйымы жұмыс істейді. Кіре берісте отыратын қызметкерлер де бар. Колледж аумағы қоршалған, 28 көше жарықдиодты шам орнатылған. Күзет және өрт дабылқамқшытары бар, дабыл түймесі аудандық полиция бөліміне және 8 камера ЖБО шығарылған. Жалпы бейнебақылау толық жұмыс істейді, 40 күнге сақтау жады бар 40 камера бар, тағы қосымша 30 сандық камера орнатылып, 3 млн. тенгеге аналогтық камераларды сандық камераларға ауыстыру жүргізіледі. Кіруді басқару және бақылау жүйесі, дауысты хабарландыру жүйесі толық жұмыс жасайды, - деді Ермек Жонғирұлы.

Екінші сұрақ бойынша жылыту маусымының өту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы ТЖ бөлімінің бастығы Нұрсұлтан Елеусізов сөз алып, аудан аумағында жыл басынан бері 25 өрт тіркелгенін жеткізді. Осылайша, өрт салдарынан 1 адам жарақат алып, тілсіз жаудан келген жалпы материалдық шығын - 2 440 000 млн. теңгені құраған.

- Өрттің негізгі себептері отпен абайсызда жұмыс істеу бойынша - 1 жағдай, электр жабдықтарын монтаждау және техникалық пайдалану ережелерін бұзу бойынша - 6 жағдай, пешті жылыту және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу бойынша - 13 жағдай, 2 - өртеу жағдайы, аудан бойынша жалпы санынан өрттің басқа себептері бойынша - 3 жағдай болғаны анықталып отыр.

Өрт қауіпсіздігі шараларын күшейту үшін халықпен ауқымды профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. «Гүлсел тобына» жататын өкілдерге, тұрмысы нашар отбасыларға, жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге ерекше көңіл бөлінуде.

Жыл басынан бері ауданның тұрғын үй секторында 13606 адамды қамтитын 6028 ауланы аралау жұмысы жүргізілді, өртке қарсы тақырыпта 8066-дан астам жадына-

ма таратылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді үгіт-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, оның мақсаты - халықты өрт қауіпсіздігі шараларына үйрету.

Мәселен, ТЖБ қызметкерлері полиция қызметкерлерімен бірлесіп помылу кезеңінде тұрақты негізде рейдтік іс-шаралар жүргізді. ЖАО «Жылыту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі» баннерін дайындады, сондай-ақ ЖАО түрлі тақырыптағы жадынамалардың 2000 данасын шығарды және ТЖБ-ға берілді. Өрт қауіпті кезеңде 5 мобильдік топ құрылды, онда 47 бірлескен рейд жүргізілді, сондай-ақ орманды дала ақаңтарында өрттің алдын алу мақсатында 51 іс-шара өткізілді, оның ішінде 6 дөңгелек үстел, 14 жина, 40 нұсқама.

Қазір «тауекел тобына» жататын халық тұратын үйлерде (атап айтқанда, спирттік ішімдіктерді теріс пайдаланатын адамдар, тұрмысы төмен отбасылар, «Еңбек» бағдарламасы салынған үйлерде) осы датчиктерді орнату мақсатында қосымша улы газ датчиктерін сатып алу үшін қосымша қаржы болу қажеттілігі туындан отыр, өйткені улы газбен улану салдарынан зардап шеккендер мен қаза тапқандарды талдау нәтижесінде өрттің салдарынан зардап шеккендер мен қаза тапқандардың 90%-дан астамы алкогольді ішімдіктерді асыра пайдаланғанын көрсетеді, - деді Нұрсұлтан Есенкелдіұлы.

Рахат Смағұлов өз сөзінде 13 тамызда өткен аппараттық кеңесте ауылдық округ өкімдерімен бірлесіп халықтың әлеуметтік осал топтарына (ХӨОТ) жататын отбасыларда және білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет объектілерінде улы газ датчиктерін бар-жоғын тексеруді ұйымдастыруды тапсырғанын еске салды.

- Тапсырмаға сәйкес бұл жұмыстар жылыту маусымы басталғанға дейін жүргізілуі тиіс еді, бірақ қазіргі ауа райының салқиндауына байланысты, жеке секторда тұратын тұрғындар отынмен және көмірмен пеш жағуды бастап кетті. Сондықтан бұл мәселені мүмкіндігінше тезірек шешу керек. Сондай-ақ, баяндамада аудан бойынша 304 отбасы бар деп айтылған, сол себепті қосымша жұмыспен қамту бөліміне аудан бойынша ХӨОТ жататын отбасылардың санын нақтылауды тапсырғамын.

Ағымдағы жылдың 20 тамызында облыс өкімі қазандықтарды, әлеуметтік сала объектілерін және тұрғын үйлерді дайындауды ерекше бақылауға алуды, сонымен қатар 15 қыркүйекке дейін әлеуметтік мәдени тұрмыстық объектілерді жылыту маусымына дайындауды аяқтауды, сондай-ақ жылумен жабдықтау көздерін уақтылы және сапалы дайындауды қамтамасыз етуді тапсырды. Сондықтан аудандағы тиісті мекемелерге аталған тапсырманы орындау үшін келесідей міндеттер қоямын:

- Ауылдық округтер мен Булаев қаласының өкімдері азаматтарды өрт қауіпсіздігі саласындағы профилактикалық жұмыстармен көбірек қамту үшін өрт қауіпсіздігі сенбіліктеріне белсенді қатысыны;

- Ауданның ішкі саясат бөлімі ТЖ бөлімімен бірлесіп өрт қауіпсіздігі туралы

бейнеролик әзірлесін, оларды ауданның әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ ауылдық округтердің, қаланың WhatsApp пен Telegram чат топтарында міндетті және тұрақты жариялап отырсын;

- ТЖ бөлімі округ және қала өкімдерімен бірлесіп, жеке сектордағы пештер мен түтін мұржаларының және ауданның қазандықтарының жарамдылығына тексеру жүргізісін;

- ТЖ бөлімі ауданның ұйымдары мен мекемелерін автоматты өрт дабылдарын, улы газ датчиктерін орнату, жарамды өрт сөндіру құралдарының бар-жоғын тексеру бойынша жұмысты күшейтсін.

- Өкімнің экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары аудан өкімі аппаратында улы газ датчиктерін сатып алу үшін қаржы болу мәселесін қарастырсын, - деп ескертті аудан басшысы.

Үшінші сұрақ бойынша Конституция күніне дайындық және өткізу барысы туралы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова мәлімет беріп, мерекеге орай өткізілетін іс-шараларға тоқталып өтті.

- Конституция күнін мерекелеу бойынша ауданда кен ауқымды іс-шаралар жоспары әзірленді. Аудан кітапханаларында Конституцияға арналған көрмелер рәсімделеді, ақпарат сағаттары және т. б. танымдық шаралар өтеді.

Мереке қарсаңында барлық ауылдық мәдениет үйлерінде және демалыс орталықтарында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылатын болады.

Мәселен, 29 тамызда «Достық» саябағында АМУ көркемонерпаздар ұжымдарының қатысуымен «Азат елдің ар намысы - Ата Зан» атты мерекелік бағдарлама жоспарланған. Мереке барысында саудасаттық, ойындар ұйымдастырылып, аудандық кітапхана қорме өткізеді. Сол күні дене шынықтыру және спорт бөлімі үстел теннисінен аудандық ашық турнир өткізуді жоспарлап отыр.

Кешке АМУ республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты Анастасия Гришечкованың фортепианода аспаптық музыка бойынша жеке концерті өтеді. Жастар ресурстық орталығы «Конституция - біздің өміріміздің Негізгі Заңы» атты дөңгелек үстел өткізуді жоспарлады.

Конституция күнін мерекелеу күрметіне достартуға сай жаңа нысандарды іске қосылады. «Оттовик» ЖК жаңа супермаркет ашса, Сулышқо ауылында шағын орталық пайдалануға берілді, - деді Сәуле Еркінқызы.

Аудан өкімі Рахат Смағұлов биыл Қазақстан Конституциясына 29 жыл толатынын және Негізгі Заң 1995 жылды 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда қабылданғанын атап өтті.

- Бұл күні ел азаматтарының демократиялық, құқықтық және әлеуметтік бағдарланған мемлекетте өмір сүру құқығы атап өтіледі. Жалпы Конституция күні еліміздің түкір-түкірінде кеңінен атап өтіледі. Фестивальдар, тақырыптық көрмелер, концерттер өткізіледі, осы күнге әлеуметтік бағыттағы жаңа нысандардың ашылуы жақсы дәстүрге айналған. Біздің аудан да бұл күнді лайықты түрде атап өтуі керек. Сондықтан барлық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғаларға мерекенің жоғары деңгейде өтуін бақылауда ұстауды тапсырғамын, - деп аудан басшысы кеңесті қорытындылады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

# КІШКЕНТАЙ БАСТАУШЫНЫҢ ҮЛКЕН ҚАДАМДАРЫ



Олар қиындықтарға еш мойымайды. Олар Любовь Михайловна Данилова бастаған Аққайың ауылдық округінің бастауыш ардагерлер ұйымының айналасында бірігіп, ауылдық күндерді өз күштерімен пайдалы әрі қызықты өткізуге тырысады. Аққайыңдық қариялардың ынта-жігері мен бірауыздылығы есеп беру-сайлау жиналысында айқын көрінді, онда Любовь Михайловна соңғы үш жылдағы жұмысты қорытындылай келе және алдағы кезеңге арналған міндеттерді белгілей отырып, мәдени-бұқаралық, спорттық-сауықтыру жұмыстары, сондай-ақ жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу және зейнеткерлерге медициналық, әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі комиссиялардың нәтижелі жұмысын атап өтті. Аққайың ауылдық округінің орталығында ауыл тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатына байланысты көптеген мәселелер қарттардың күшімен шешіледі.

Бастауыш ардагерлер ұйымына барлығы 153 ардагер кіреді. Олардың белсенділігін арқасында тұрғындардан жиналған қаражатқа жүргізілген жөндеуден кейін православиye шіркеуі өз есігін қайта ашты. Бүгінде бұл ғибадатхана православиелік мереке-

Кімге қалай екенін білмеймін, бірақ маған Петропавл-Булаев тас жолынан он шақырымдай жерде орналасқан Октябрьское ауылы қатты әсер қалдырды. Бұзылған кіреберіс жол, кіре берісте үлкен арашөлпті бос жерде қараусыз қалған ғимараттардың қираған қабырғалары үмітсіздік тудырады. Бірақ ауыл тұрғындары, олардың негізгі бөлігі зейнеткерлік жастағы адамдар, өдеттегі өмірлерімен өмір сүреді.

лер өткізілетін орынға ғана емес, сонымен қатар сырттан танылған бөтен мәдениет жағдайында ескелең ұрпақтың салауатты рухани тәрбиесінің орталығына айналды. Ауылды абаттандыру ардагерлердің негізгі мәселелерінің қатарына кіреді. Округтің барлық ауылдарында орнатылған обелисктер мен жад қабырғаларының жағдайына ерекше назар аударылады.

Мәселен, ауылда қаза талқан жауынгерлерге арналған ескерткішке зейнеткер, жеке кәсіпкер Т. Кулешованың көмегі арқасында жөндеу жұмыстары жүргізілді. Айтпақшы, ауыл тұрғындары салыстырмалы әлеуметтік әл-ауқатқа жергілікті кәсіпкерлерге қарыздар. «Звездочка-Агро» ЖШС бийлғы жылы мұқият жөндеу жүргізілген мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуді өз мойнына алды. Бұл да ақылға қонымды іс. Өйткені, ауыл экономикасына жас кадрлар қажет.

Қазіргі орта мектеп оқушылары екі жылдан кейін механизаторлар қатарына қосыла алады. Бірақ өзирге ауылда жастарды ауылда ұстау үшін ең қажетті әлеуметтік-мәдени инфрақұрылым жоқ. Кітапхана да, клуб та, спорт орталығы да жоқ. Ардагерлер де осындай қиындықтарға тап болады. Олардың шахмат ойнауға, қолөнермен айналысуға, ардагерлердің көркемөнерпаздар ұжымдарының репетициясын өткізуге жиналатын өз бөлмелері жоқ. Тіпті бастауыш ұйымның жиналысын олар мектептің тар бөлмесінде өткізуге мәжбүр болды.

Жақында бұл мәселе шешіле ме, айту қиын. Жиналыста зейнеткерлер ауылдық округ әкімі Мақсат Есжанов мүмкіндігінше қарт адамдарға көмектесетінін бірауыздан айтты. Бірақ оның да қолдары қысқа. Әсіресе, айтарлықтай қаржылық шығындарды талап ететін ауылды абаттандыру ісінде. Бұл шындықты түсіну арқылы ардагер-

лер өз мүмкіндіктеріне көбірек сүйенеді. Жарыссөзде сөйлеген пікірлерестер тығыз жиналып, қоғамдық істерде белсенділік танытуға шақырды. Жергілікті жердегі бастауыш ұйымдар облыстың ардагерлер қозғалысының алдыңғы қатарында деп айтуға болады. Қарт адамдардың істері ауылдастарына үлгі іспеттес, сол себепті олар жалпы ардагерлер қауымын жоғары бағалайды.

Бұл үлкен жауапкершіліктің ауыртпалығы Любовь Михайловнаның нәзік иығында бірінші жыл емес. Ол басқаратын бастауыш ұйым өте белсенді. Содан болар, Аққайың ауылдық округінің бастауыш ұйымы ауданда ғана емес, облыста да үздіктер қатарында, - деп атап өтті облыстық ұйым төрағасының орынбасары Бейбіт Әбілов облыстың ардагерлер кеңесінің Алғыс хатын табыстай отырып.

Мағжан Жұмабаев аудандық ардагерлері кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов та осындай жоғары баға беріп, марапат табыс етті. Жиналыс соңында Любовь Михайловна ардагерлердің жоғары сеніміне ие болып, қайтадан бастауыш ұйымның төрағасы болып бірауыздан сайланды.

Марат ЕРМҰҚАНОВ.

## ЦИФРАНДЫРУ

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ АГЕНТСТВО РК ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ

**ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ҚАНАҒАТТАНБАЙСЫЗ БА?**

**TELEGRAM - БОТ АРҚЫЛЫ МӘСЕЛЕҢІЗДІ ОҢАЙ ӘРІ ЖЫЛДАМ ШЕШІҢІЗ**

НЕ УДОВЛЕТВОРЯЕТ КАЧЕСТВО ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ?

РЕШИТЕ СВОЮ ПРОБЛЕМУ ЛЕГКО И БЫСТРО С ПОМОЩЬЮ TELEGRAM-БОТА

Уәкілетті органға өтініш

## TELEGRAM АРҚЫЛЫ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ АЛУШЫЛАРМЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі көрсетілетін қызметті алушылармен кері байланыстың жеңіл әдістерін қолдану мақсатында «EgovKzBot2.0» платформасында Telegram мобильді қосымшасында «Уәкілетті органға жүгіну» қосымша бөлімі енгізілді.

Осы қойынды арқылы көрсетілетін қызметті алушылар қызықтыратын сұрақтар қоя алады, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына шағым бере алады, оларды жетілдіру, сондай-ақ мемлекеттік аппаратты бюрократиясыздандыру жөнінде ұсыныстар енгізе алады.

Бүгінгі күні Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаменті «EgovKzBot2.0» платформасы арқылы 3 өтінішті қарады: мүгедектігі және еңбекке қабілеттілігінен айырылуы бойынша жәрдемақы төлеу, сондай-ақ соттылығының жоқтығы немесе бар екендігі туралы анықтама алу мәселелері бойынша.

Департамент мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп көрсетілетін қызметті берушілердің құқықтарын қалпына келтіру жөнінде жан-жақты шаралар қабылданды, олардың заңды құқықтарын іске асыруға жәрдем көрсетілді.

Мәселен, Департаментке Telegram Bot

арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі орталық филиалына жүгінгеннен кейін жәрдемақы төлеу бойынша қосымша қажеттілік жіберілді. Нәтижесінде жәрдемақы қысқа мерзімде төленді. Екі өтініш берушіге жоғарыда көрсетілген анықтаманы алуға жәрдем көрсетілді.

«EgovKzBot2.0» платформасында өтініштерді қарау тұрақты бақылауда. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар Департаментке «EgovKzBot2.0» платформасы арқылы жүгіне алады.

Б. ЕҢСЕГЕНОВ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаменті мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы.

## МАМАН КЕҢЕСІ

### ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНА ҚАТЫГЕЗДІК ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жануарларға қатыгездік жасау - жануардың өліміне, жарақаттануына немесе денсаулығына басқа да зиян келтіруге әкеп соқтырған немесе соқтыруы мүмкін қасақана әрекет.

Жануарларға қатыгездік көрсету, олардың өлуіне немесе жарақаттануына әкеп соққан, егер бұл әрекет бұзақылық ниетпен немесе сәдістік әдістерді қолданумен не көмелетке толмағандардың қатысуымен жасалса, - бір жүз жырмаға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не жүз жырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не отыз тәулікке дейін қамауға алынады.

Тұлғалар тобы немесе тұлғалар тобы алдын ала сөз байласу арқылы немесе бірнеше рет

жасаған дәл сол әрекет екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алуға жазаланады.

Сонымен қатар, Қазақстанда жануарларды қатыгездіктен қорғауға бағытталған басқа да шаралар бар. Мысалы, Қазақстан Республикасының заңнамасында жануарларды күтіп-бағуға қойылатын талаптар белгіленген, олар жеткілікті азық-түлікпен және сумен, сондай-ақ тиісті өмір сүру жағдайларымен қамтамасыз етілуі керек. Бұл талаптарды бұзу үй жануарларының иелерін де жауапкершілікке тартуы мүмкін.

Евгения БУНКОВСКАЯ, ветеринар дәрігері.

## ҚАЗАҚСТАН ОРМАН МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ АВТОПАРКІН 100 ПАЙЫЗ ЖАҒАРТТЫ

Қазақстан орман шаруашылығы мекемелерінің көлік паркін толығымен жаңартты. Бұл туралы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

2024 жылы қолданыстағы техниканың 72 процентіне тозуын ескере отырып, орман мекемелерін материалдық-техникалық жабықтауға орман саласы тарихында алғаш рет талап етілген қаржыландыру бөлінді. Бұл өрт жиі болатын орман мекемелерінің (Жетісу облысы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда облыстарындағы) автопаркін толығымен жаңартуға және жабықтауды 100%-ға жеткізуге мүмкіндік берді.

Лизинг және бюджет қаражаты есебінен жалпы сомасы 47,0 млрд. теңгеге:

- 428 өрт сөндіру машинасы;
  - 389 шағын орман өртін сөндіру кешендері;
  - 387 трактор;
  - 104 күзет машинасы сатып алынады.
- Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап орман өрті станциялары қызметкерлеріне лауазымдық жалақыдан 100 пайыз көлемінде үстемеақы белгіленді.


30 ТАМЫЗ - КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІН, ЕЛДІН ТӘУЕЛСІЗДІГІН, ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ КҮНДІЛІКТЕРІН АЙҚЫНДАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚУЖАТ — КОНСТИТУЦИЯ. ОНДА МЕМЛЕКЕТТІҢ БАРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ, ЖЕКЕ АЗАМАТТАРДЫҢ, ҰЛТ ТАР ПЕН ҰЛЫСТАРДЫҢ, ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ, ҚҰҚЫҚТАРЫ КӨРСЕТІЛЕДІ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТАРИХИ ШЕШІМІ ҚАБЫЛДАП, ЕЛІМІЗДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ӨМІРІНДЕГІ ЖАСАМПАЗ ЖАҢА ДӘУІРІНЕ ҚАДАМ БАСҚАНЫНА БІРЫЛ 29 ЖЫЛ. СОДАН БЕРІ ҚАРАЙ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІНЕ АЙНАЛҒАН АТА ЗАҢ — МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМДА ОРЫН АЛЫП ОТЫРҒАН БАРЛЫҚ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК РЕФОРМАЛАРДЫҢ ІШЕРІ БАСУЫНА ДАМУДЫҢ ҚАЙНАР БАСТАУЫНА АЙНАЛДЫ. ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ЖАС КОНСТИТУЦИЯЛАРДЫҢ БІРІНЕ ЖАТАТЫН АТА ЗАҢ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР МЕН ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕРМЕН БҮГІНГІ САНДА БӨЛІСЕМІЗ.

Расында, бүкілмемлекеттік құрылымды айқайтайтын, елдіктің бастауы болып табылатын құжаттың қабылданғанына 29 жыл толып отыр. Әрине, тарих ауқымы мен айтқанда, бұл азғантай ғана мерзім. Десе де, осындай алмағайып заманда Қазақстанның Ата заңы уақыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеді. Ал көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі болып саналады екен. Бұның өзі Ата заңымыздың үлкен әлеуетін білдірсе керек. Тарихқа көрі шегініс жасайтын болсақ, тәуелсіздікке ие болған Қазақстанның ең басты қадамы Конституцияның қабылдаумен тұтастай байланысты. Алғаш қабылданған 1993 жылғы Конституцияның мәні мен маңызына келетін болсақ, бұл Негізгі құжат төрт басты мәселеге жауап беруі және соған жағдай жасауы тиіс болатын.

Оның біріншісі — мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екіншіден — экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терең дағдарыстан шығару, үшіншіден — жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртіншіден — ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін заңдық негіздерді Ата заңда көрсету. Уақыт өте келе заман ағымы мен сұранысына қарай, бас заңымыздың кейбір тұстары нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шыққаны байқалды. Сондықтан да арада екі жыл өткенде 1995 жылы қазіргі Негізгі заң - Конституция қабылданды. Осылайша, тәуелсіздік жылдары Қазақстанның мемлекеттігін айқындаған Ата заң екі қайтара түледі. Өйткені 90-шы жылдардың басында Қазақстанның саяси-экономикалық жағдайы мүлдем басқаша болатын. Күні көшегі тарихи оқиғаларға жүгінесек, жаңа Конституцияның қабылдау қарсаңында ұзақ мерзімді қызу жұмыстар атқарылды. Арнайы құрылған сарапшылар көптеген өлемі елдерінің Конституцияларын, әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында қабылданғандарын мұқият сараптаудан өткізді. 1995 жылғы Конституцияны талқылау кезеңінде еліміздігі беделді заңгерлерден бөлек, Францияның Конституциялық кеңесінің өкілдері, осы елдің Мемлекеттік Кеңесінің мүшелері, Ресей зерттеу орталығының ең беделді заңгерлері жобалық жұмыстың жоғары

# АТА ЗАҢҒА – 29 ЖЫЛ



талқылау шараларына атсалысты. Айта кетейік, тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің көптеген пікірі ескерілген Негізгі заң да осы — 1995 жылы қабылданған Конституция. Қазір келтіріліп жүрген ресми мәліметтерге қарасақ, құжатты талқылауға 3 млн 345 мың адам қатысыпты. Жұртшылық тарапынан сарапталған 31 мың 886 ұсыныс түссе, соның 1 мың 100-і конституция жобасына енгізілген.

Кейіннен 1995 жылы 30 тамызда елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өтіп, оған сайлаушылардың 90,58 пайызы қатысты. Олардың 89,14 пайызы жаңа Конституцияның қабылдануын қолдады. Сонымен бірге 29 жыл болған конституция тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымызға даңғыл болып, елдің бетке алған бағдарының тұтастай бөлігін қамтып отырды да болады. Алғайда, заман ағымына қарай Негізгі заңымыздың өзгеріске ұшырауын да ешкім жоққа шығара алмасы анық. Дегенмен, қазіргі һәм өмір бойы басты

міндетіміз Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатан ұстану. Яғни, басты талап - АтаЗаңымыз, Конституцияны құрметтеп қорғау, ал оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау - республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс.

Еліміздің Негізгі Заңын жасауға үш миллионнан астам қазақстандық азамат қатысқан екен. Конституцияның 1995 жылғы 30 тамыздағы жалпыхалықтық референдумда қабылданғаны белгілі. Ондағы процедураларын ашықтығы мен заңдылығын 19 елден келген мыңдаған өкілі қадағалап отырды. Олар - Ата Заңды қабылдау құрметіне елімізге келген Мажарстан, Мысыр, Канада, Польша, Румыния елдерінен келген бақылаушылар болатын. Осы кездегі Конституцияның жобасын талқылауға еліміз бойынша қатысқан қазақстандықтар, ел боларшы үшін маңызды құжат туралы пікір таластырған екен. Олардың арасында қарапайым азаматтармен қатар заңгерлер де, қоғам белсенділері де болды. Барлығы үш мың ұсыныс түскен болса, оның 1100-і

Конституцияның мәтініне кірген. Қазақстан Конституциясы француздық модель негізінде қабылданды. Конституция билік үлгісі бойынша мықты президент және мықты парламент басқаратын француздық модельге ие. 2017 жылы қабылданған реформадан соң, президенттік республика үлгісі өзгертіліп, оның өкілеттігі парламент пен екі арада теңестірілді. Бұл үрдіске еліміз әуелден-ақ қадам басуды көздеген болатын.

Ата заңның негізіне француздық модельден бөлек 1948 жылы қабылданған Адам құқығы жөніндегі жалпыға бірдей Декларация алынған. Бұл құжат әлемдегі барлық елдердің Конституциялары негізге алатын халықаралық акт болып саналады. Соған сәйкес Ата заңның үштен бірінен астамы осы Декларациядан алынған адам құқығы мен бостандықтарын қорғау туралы ережелерден тұрады. Бір сөзбен айтқанда, біздің Конституция бүкіл әлем елдеріндегі басты құжаттар секілді барлық азаматтары бірдей құқыққа ие демократиялық мемлекеттің кепілі болып саналады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциясына қолын қойып ант берді. Әлемдегі әр елде инаугурация рәсімі әртүрлі ұлттық және мемлекеттік дәстүрлерге сәйкес өтетіні белгілі. Мәселен, кейбір көптеген елдерде Библияға қол қойып ант берді. Ал Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан, бізде Мемлекет басшысы Конституцияға қол қояды. Мұндағы дәстүрдің мәні Президент заңға құрметпен қарайтындығын білдіреді.

Конституцияның қазақшасында орыс тіліне қарағанда сөздер көп. Конституцияның мемлекеттік тілдегі нұсқасында 8 904 сөз бар болса, ресми тілдегі нұсқасында 7 168 сөз бар екен. Ал оның 98 баптан тұратынын мектеп бағрысында жүргеннен-ақ өркім білетін болар. Мұндағы ең ұзын бап — «Парламент» деп аталатын төртінші тараудағы 61-бап. Ал сөзі ең аз бап — «Адам және азамат» деп аталатын екінші тараудағы 38-бап.

Қазақстан Республикасының Конституциясы — әлемдегі ең жас Ата Заңдардың бірі. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бірнеше мемлекетке бөлініп, олардың бір мезгілде Конституцияларын қабылдағаны белгілі. Ал біздің еліміз КСРО құрамынан ең соңынан шыққаны мәлім. Сол себепті де Қазақстан Республикасының Конституциясы — әлемдегі ең жас Ата Заңдардың бірі болып саналады.

## ЖҰМЫС САПАРЫ



Саясаттанушы, филолог, қоғам қайраткері Кешім Досмахамбет Қалмаханұлы, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалының төрағасы Мұхамеджанов Жанат Қабдолпрақмұлы, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бөлім басшысы Сұлтан Ернияз Рыскелдіұлы және «Рух Тіл Жаңғыру» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тоқпан Әнуар Бердібекұлы қатысып, ономастика төңірегіндегі мемлекеттік саясат тақырыбын түсіндірді.

Тұрғындармен кездесулерде жұмыс тобының мүшелері елдегі ономастика саясатын түсіндіру үшін 2021 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасында ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыру едістемелік ұсынымдар» деген құжатты негізге алады.

Қазір Қазақстанда ескі атауларды ауыстыруда негізгі үш бағыт бар.

Біріншісі — «идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды» ауыстыру. Бұның ішіне коммунистік идеологияның көсемдері (Ленин, Сталин, Маркс, Калинин, Киров, Чапаев, т.т.) де, сол кезеңдегі идеологияға қатысты терминдер («Коммунистический», «Октябрьский», «Комсомольский», «Со-



# ОНОМАСТИКА – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

26 тамыз күні ауданға жұмыс сапарымен «Ономастикалық кеңістікті реттеу жолдары» атты іс-шараларды жүзеге асыру бойынша жұмыс тобының мүшелері келіп, Чистоее және Пролетарка ауылдарында кездесулер өткізді.

жетскій» және т.т.) де кіреді.

Екіншісі — елдімекендердің тарихи атауларының қайтаруы. Егер елді мекендер атауларының 99 пайызы отарлық кезеңде және КСРО кезінде ауыстырылғаны ескерсек. Бұл жұмыс үшін сол кездегі карталар, мұрағаттық құжаттар бар, онда елді мекендер мен ауылдардың ескі атауы айтылып жазылады. Және бұл жол ең тиімді болып табылады. Тарихи құжаттармен расталған атаулар бойынша жер атауларын қайта атау аса маңызды мәселе болып табылады.

Үшіншісі — егер елді мекендерге, кешелерге белгілі бір тұлғаның аты берілетін болса, оның біздің мемлекетімізге сіңірген еңбегі бағалануы шарт. Осының арқасында біздің мемлекетімізге ешқандай қатысы жоқ адамдардың есімімен аталатын елді мекендер мен кешелердің атау-

лары қысқарар еді, - дейді Досмахамбет Қалмаханұлы.

Жалпы аталмыш топ мүшелері үш жылдан бері солтүстік өңірдің елді мекендерінде тұрғындармен кездесіп, ономастика кеңістігіндегі қажетті өзгерістер туралы түсінік беріп келеді.

Соңғы екі жылда облыстың 300 кешесінің атауы қайта өзгертілді. Демек, бұл біздің топ мүшелерінің жүргізіп жатқан түсіндіру жұмыстары өзінің нәтижесін беруде деген сөз. Шынныңды айтсақ, жергілікті тұрғындардың (басым көпшілігі орыстілділер) көпшілігі елдімекендерінің, кешелерінің аттарын ауыстыруға толықтай қарсы. Бұл жерде түсіндіру жұмыстарымен қатар нақты заң қажет.

Тағы да қосарым, ономастика саясаты — мемлекеттік саясат болып табылады. Сондықтан жергілікті мемлекет пен Халық ассамблеясы бұл мәселеге белсенде

араласуы тиіс. Ашығын айтқанда, елді мекендердің аттарын ауыстыру, ең алдымен солардың жұмыстары болуы керек, - деді Жанат Қабдолпрақмұлы Солтүстік Қазақстан облысындағы ономастикалық ахуалды сөз етіп.

Кездесулер соңында жергілікті тұрғындар спикерлерге толғандырған сұрақтарын қойып, көзқарас-пікірлерін ортаға салды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен құрылтайда: «Жалпы, ономастика саласын тәртіпке келтірген жөн. Бұл шаруа кешенді және дәйекті түрде бір орталықтан атқарылуға тиіс. ...Бұл — мемлекеттің шаруасы. Осы саладағы барлық рәсімдерді іс жүзінде реттеу маңызды. Онда аймақтардың ерекшелігімен қатар, жалпыұлттық басымдықтар да ескерілуі керек», - деп қадап айтты.

Ендеше, тарихи атауларды қайтара бойынша ономастика жұмысы өлі де жалғасын таппақ.

Ернебұлан ЕЛУБАЕВ,  
«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы»  
ҚБ СКО Мағжан Жұмабаев аудандық  
филиалының төрағасы.

# АУДАНЫҢ ҮЗДІК СПОРТШЫЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



22 тамыз күні аудандық Мәдениет үйінде спорт күні кеңінен аталып өтті. Бұл шараға аудан әкімі Рахат Смағұлов және ауданымыздың намысын қорғап жүрген барша спортшылар мен аудан тұрғындары қатысты.

Іс-шара барысында көптеген сурет көрмелері, спортшыларымыздың жеткен жетістіктері және жарыстан жеңіп алған кубоктары мен медальдары көрсетілсе, мәдениет үйінің қызметкерлері келген қонақтарды тәтті шаймен дастархан жайып қарсы алды.

Айта кету керек бұл күні ауданымызға арнайы Петропавл қаласынан «Ақан Сері» атындағы Солтүстік Қазақстан облысының филармониясы келіп, көшке жиылған қонақтарға жағымды концерт ұйымдастырды.

**Спорт – ел абыройын асқақтататын, ұлтты ұйыстыратын, бірлігімізді бекемдейтін сала. Осы орайда, салауатты өмір салтын насихаттау, өскелең ұрпақты спортпен шұғылдандыруға тарту – мемлекеттік ағымдағы бағыт. Бүгінде Қазақ елінің намысын жаһандық түрлі дүбірлі спорт додаларында қорғаған, еңбек пен төгілген тердің, табанды ізденістің арқасында жоғары нәтижеге қол жеткізген спортшыларымыз ел мерейіне бөленуде.**

Бұл шарада алғашқы болып аудан әкімі Рахат Назымбекұлы сөз алып, өзінің құттықтау тілегін жеткізді.

- Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары! Сіздері төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Спорт саласы Қазақстанда кеңінен қанат жайып, алға қадам басуда. Қазақстандық спортшылар соңғы онжылдықта халықаралық жарыстарда сондай-ақ, Олимпиада ойындарында үздік нәтижелерді көрсетіп келеді. Бұл

Қазақстанда спорт мәдениетінің жоғары деңгейде дамуының әлемдік мойындалуын көрсетеді.

Құрметті спортшылар! Баршаңызға амандық, зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін. Қазақ елінің спорт саласындағы жетістіктері мен табыстары ұлғая берсін! Жемісті де жемісті күндеріміз көп болсын, - деді аудан басшысы құттықтау сөзінде.

Концерттік бағдарлама кезінде көптеген

спортшылар мен бапкерлер салауатты өмір салтын насихаттағаны үшін, спорт резервін дайындауға қосқан зор үлесі үшін және өскелең ұрпақты тәрбиелегені үшін аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталып, қошеметке бөленді.

Ақындардың айырмасы бар,  
Ән мен күйдің қайырмасы бар (Кенен Әзірбаев) демекші, кезекті сахнаға мың бұралған бишілер мен бұлбұл дауысты өңшілер кезек-кезек шығып, мағжандықтарға көңілді де көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Кеш соңында барша халық мөз-мейрам болып, арнайы жасаған суретке түсу аймағында естелікке суретке түсіп, көтеріңкі көңіл күйде үйлеріне тарасты.

**Қанат ӨТЕМУРАТОВ.**

ЖАСТАР ЛАГЕРІ



Жастар лагерге келіп, бірден арнайы өзірленген жаңа піскен тоқаштар мен ыстық шайдан дем татты. Таңғы астан кейін лагердің негізгі бағдарламасы басталды. Жастар орталығының директоры Мария Галайдына ұжымды біріктіруге және команда құруға бағытталған тимбилдинг өткізді.

Бұл іс-шара қатысушыларға бір-бірімен жақынырақ танысуға, тығыз командалар құруға және күні бойы позитивті күш-қуат алуға көмектесті. Қатысушылар түрлі-түрлі сайыстарға қуана-қуана қатысып, ойнап-күліп, көңіл көтерді.

Содан кейін «Жас Төлімгер» жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ахмет-

## «ЖАСТАР АУЫЛЫ – 2024»

Жыл сайынғы дәстүрге сай «Аққайың» балалар сауықтыру лагерінде жастар ресурстық орталығының бастамасымен «Жастар ауылы – 2024» жастар лагері ұйымдастырылады. Биыл лагерге 14 пен 35 жас аралығындағы алпысқа жуық адам қатысып, олардың көбі «Жасыл ел» бағдарламасының қатысушылары болды.

хан Қанышев «Қалай табысты болуға болады?!» атты тақырыпта тренинг өткізіп, бұл балалардың қызығушылығын тудырды және белсенді пікірталастарға себеп болды. Бұл тренинг қатысушыларға өз мақсаттарын түсінуге және оларға жету үшін пайдалы кеңестер алуға жол сілтегені сөзсіз.

Тренингтен кейін балалар «Ерте жастан денсаулыққа қарау» атты тақырыпта медицина қызметкерінің дәрісін тыңдап, «Бірінші байлық – денсаулық» қағидасын ұстану қажеттігін түсінді. Бұл дәріс ақпараттық қана емес, сонымен қатар маңызды болды, өйткені денсаулық – ұзақ және табысты өмірдің кепілі.

Белсенді таңертеңгілік шарадан кейін балалар түскі асқа аттанып, жоғары калориялы және дәмді дастархан басына жайғасты. Біраз демалып, тыныққан соң, қатысушылар спорттық ойындар ойнауға

кірісті.

Бұл күні лагер бағдарламасына аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов та қатысып, ол таза ауада тікелей диалог форматында жастармен кездесу өткізді. Азамат Сайранұлы өскелең ұрпақты болашақ жоспарларын талқылап, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ «Аққайың» балалар сауықтыру лагерінің директоры Мұрат Ортамышев сөз сөйледі. Ол балаларға лагердегі ағымдағы және алдағы жөндеу жұмыстары туралы айтып, белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірді.

Көшке қарай лагердің қорытындысы шығарылып, марапаттау рәсімі өтті. Жастар ресурстық орталығының директоры да балаларға Алғыс хаттар табыс етті. Пайдалы әрі қызықты өткен күн мерекелік дискотекамен аяқталды.

### СПОРТ

## ЖҮЙІРІКТЕН ЖҮЙІРІК ӨЗАР ЖАРЫСҚАНДА

*Спорттың адам өмірінде алатын ерні ерекше. Спорт адамды шат-шадымен өмір сүруге жетелейді. Спорт – белгілі ережелер немесе дәстүрлерге сай көбінесе жарыс түрінде өтетін әрекет. Спорттың адам өмірінде алатын ерні зер екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, әрі шыдамды болады. Денсаулық адамның ең қымбат дүниесі. Сондықтан біз денсаулығымызды нығайту үшін спортпен шұғылданышымыз керек.*

Бүгінгі біздің айтқалы отырған кейіпкеріміз Нұралина Жанель Жасланқызы жайлы болмақ.

Жанель 2007 жылдың 22 наурызында Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында әке-шешесі Жаслан мен Әсемгүлдің шаңырағында дүниеге келген. Ол отбасының тұңғышы, одан кейін тағы екі інісі мен бір кішкентай сіңлісі бар екен. Әкесі Жаслан қазіргі таңда ауданымыздағы Алтын ұрпақ бөлімінде күзетші болып жұмыс істесе, анасы Әсемгүл аудандық қорғаныс істері бөлімінде қызмет етеді.

2010 жылы Жанельдің жаңауысы Булаев қаласына көшіп келеді. Сол жылы кейіпкеріміз мектеп табалдырығын алғаш аттап, қазір №2 Булаев орта мектебінде оқиды. Қазіргі таңда ол 11-ші сыныпқа көшкен жас

түлік.

- Менің жалпы спортпен айналысып жүргеніме 7 жыл, соның 4 жылын осы көпсайыс бойынша дайындалып, мектепшілік және аудандық, облыстық және республикалық олимпиадаларға қатысып, жетістіктерге жетіп жүрмін, - дейді жас спортшы.

Бұған дәлел ретінде мына жағымды жаңалықпен бөліскіміз келіп отыр. 20-25 тамыз аралығында Қарағанды облысының Топар кентінде Президенттік көпсайыстан ел чемпионаты өтіп, оған біздің ауданнан облыс намысын қорғау үшін Жанель Жасланқызы аттанған болатын. Есесіне мағжандық дарын сәтті өнер көрсетіп, қанжығасы алтын медальмен майланып отыр. Сондай-ақ облыстың құрама командасы

сапында жерлестеріміз Ольга Вернер алтынан алқа тағынса, Бекболат Тілеуов 6-шы орынды қанағат тұтып, осылайша жалпыкомандалық есепте солтүстікқазақстандықтар 1-ші орынға ие болды.

Жанель Нұралина өз сөзінде Мағжан Жұмабаев ауданының БЖСМ жаттықтырушысы-оқытушысы Александр Павлович Тарабаринге өзін және басқа да спортшыларды баптап, жарыстарға дайындағаны үшін үлкен алғысын білдірді. Иә, шәкірті ұстазына оза, ол да үлкен жетістік. Төккен тер мен көп жылғы еңбектің жемісі.

Ендіше, сөзімізді қорытындылайтын болсақ, Жанельді жеткен жетістігімен құттықтап, мықты денсаулық пен алда алар асулары көп болсын деп тілейміз!

**Қанат ӨТЕМУРАТОВ.**



С 29 ТАМЫЗ - СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛУ КҮНІ

# СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫ: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ



## Бейбітшілік пен мейірімділік миссиясы

Қазақстан Тәуелсіздігінің 33 жылдығы Семей ядролық сынақ полигонының жабылуының отыз үш жылдығымен тұспа-тұс келді. Бұл күн адамзаттың жаңа тарихына еніп, әлемнің көптеген елдері азаматтарының санасын дүр сілкіндірді. 1991 жылғы 29 тамызда сол кездегі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Семей ядролық сынақ полигоны жабу туралы» 409 нөмірлі Жарлыққа қол қойды. 1945 жылы әлемдегі алғашқы ядролық жарылыстан кейін 46 жыл өткен соң ғана талай адамның ажалына себепкер болған полигон мәңгілікке жабылды. Бұл – КСРО-ның өскері-өнеркәсіптік кешеніне ғана емес, сонымен бірге АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Қытай кірген ядролық клубтың басқа мүшелеріне қарсылық еді. Қазығын жаңа қаққан, әлемге таныла қоймаған жас мемлекет үшін бұл батыл қадам болды.

## Тарих көшпінде

1949 жылы Семей полигонындағы алғашқы жарылыс күпия түрде өтті. Кейін жылына 20-ға дейін жарылыстар іске қосылды. Жалпы алғанда, 1945 жылы 6 тамызда американдық әскерилер тастаған Хиросима бомбасынан 2,5 мың есе көп заряд жарылды.

Бірте-бірте халық Семей полигонында ядролық жарылыстар жүріп жатқанын, салдарынан адамдар ауырып, қаза тауып жатқанын білді. Біздің ұлы ғалым, Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев Бахия Атчабаров бастаған мамандары бар экспедицияны жабдықтады. Олар 1957 жылдан 1961 жылға дейін жергілікті жерлерде зерттеу жүргізді. Нәтижесінде 12 том көлемінде жұмыс қорытындылары сақталды, бірақ аталмыш мәліметтер белгілі себептермен күпия болып келді. 1961 жылы оны ешкім жарияламаст еді. Тіпті, КСРО Ғылым академиясына бір топ ғалым осы материалдармен жүзінген кезде, оларды зерттеп: «Жоқ, мұның бәрі отірік. Онда ешқандай зиянды әсері болған жоқ және болуы да мүмкін емес» деп жауап берген. 40 жыл өткеннен кейін Семей облысында әртүрлі уақытта өмірден кеткен адамдардың ауру тарихын зерттей отырып, статистер лейкемия немесе радиациямен байланысты аурудың бірде-бір жағдайын таппады. Көбінесе адамдар туберкулезден, дизентерия сияқты тривиальды аурулардан кетті деп жазылған. Сонымен бірге планетамызда 16 жыл бойы жер мен атмосферада ашық сынақтар жүргізілді.

1962 жылы Никита Хрущев Жаңа жердегі супербомбаны сынақтан өткізді. Әрине, бұл әлемдік қауымдастықты дүр сілкіндірді, содан кейін ғана Атчабаров экспедициясының материалдарына қызғыншылық оянып, материалдарды зерттеу және бұрынғыдай атом бомбаларын ауада, суда, жер бетінде сынаудың қажеті жоқ, бірақ енді жер астына кетудің керек деген қорытындыға келді. Жүз метрлік баған бұрғыланғанын кейін заряд түбіне қойылып, үсті бөрі бетонмен құйылады. Бетон қатқаннан кейін, оны жаруға болады. Мұндай сынақ түрі халық үшін қауіпсіз деп түсіндірілді. Бірақ жұртшылықты тағы алдады.

Осылайша біз 1989 жылға дейін сеніп келдік. Ол кезде адамдар жаңаша ойлай бастады. Сөз бостандығы тіпті өскері адамдарға да әсер етті. Жоғарғы Кеңестің депутаты қызметіндегі Олжас Сүлейменовке бір адам қонырау шалып: «Мен Шаған аэродромының ұшықшымын, Семей полигонынан алыс емес. Біз кімге қонырау шаларымызды білмей, сіз жоғарыдағыларға жеткізе аласыз деген үмітпен өзіңізге хабарласуымның себебі: 12 ақпандағы сынақтар кезінде радиоактивті газдардың шығуы орны алды, ал бұл бірнеше ондаған шақырым жерде біздің қаланың үстінен өтті. Мұнда біздің балаларымыз, отбасыларымыз өсіп-өніп жатыр, сондықтан біз мұндай басыздыққа көне алмаймыз». Өскері қызметкер тағы бір сөзінде: «Радиоактивті газ жерасты сынақтар кезінде үнемі шығарылады, бірақ атомшылар сынақтар кезінде пайда болған бұлтты тұрғын ауылдарға, қалаларға тиіп кетпеуі үшін далаға қарай айдайды. Бірақ далада да адамдар, шопандар тұрады емес пе?» – деді.

1963 жылдан кейін де қуатты радиоактивті шығарындылар жалғасын тапқан екен. 1989 жылы 28 ақпанда Жазушылар одағы ғимаратының жанында мыңдаған адам митингке жиналып, «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы құрылды. Оның көшбасшысы болып Олжас Сүлейменов сайланды. Оған депутат ретінде 10 минуттық тікелей эфир беріліп, ол оны адамдарға шынықты айтып, антиядролық қозғалыстың қурылуы туралы хабарлау үшін пайдаланды. Нәтижесінде ХХ ғасыр тарихында алғаш рет Қазақстан халқы өз жерін, өз өмірін қорғауға көтерілді. Полигон маңындағы облыстардан екі миллионнан астам қазақстандық «Полигон жойылыс» ұранына қосылды.

Аталған митингте Олжас Сүлейменовтің еліміздің барлық қоғамдық, шығармашылық, діни ұйымдарына, мүдделі Халықаралық ұйымдарға оқыған үндеуі қабылданды.

Үндеу мынадай сөздермен басталды: «Отандастар! Бізге бұдан былай үнсіз қалуға болмайды. 40 жылдан астам уақыт біздің жерде атом бомбасын жарып жатыр. Одан тек Семей облысының тұрғындары ғана емес, орталықта орналасқандықтан, күллі қазақ зардап шегуде. Жер шарында ешкім көп ұлтты Қазақстан сияқты радиациядан ұланшай жатқан жоқ. Бір онжылдықта орташа өмір сүру ұзақтығы төрт жылға қысқарды, ауру мен өлім туу деңгейінен екі есе жоғары көрсеткішке жетті. Халықтың жойылуының басты себептерінің бірі – радиация. Ол ұлтын да, жасын да, діни көзқарасын да ажыратпай, жолында тұрған бәрін қырады. Біздің ақырамаңды қозғалысымыз күтуге құқығымыз жоқ!».

Өтініште мынадай талаптар қойылған: Қазақстандағы атом полигондарын жабу; өскері мақсаттар үшін ядролық материалдар өндіретін кәсіпорындарды жабу және олардың қуатын табиғат пен адамға келтірілген залалды жоюға қалды бағдарлау; атом өнеркәсібінің қалдықтарын кому пункттеріне қоғамның бақылауын белгілеу; «өлі» аумақтарды анықтау және оларды шаруашылық



айналымнан шығару мақсатында экологиялық карта жасау, мұндай жерлерде олар қалпына келтірілгенге дейін нан өсіруге және мал бағуға тыйым салу; КСРО Денсаулық сақтау министрлігі халықты алдамауы керек, елдегі радиация құрбандарының санын ашық айтысы. Үндеуді митингке қатысушылар бірауыздан қабылдады».

Жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін берді. Қазақстан мен бүкіл әлемдегі соғысқа қарсы қоғамдастық мақтанатын алғашқы жеңістердің бірі – 1989 жылы Семей полигонында жоспарланған 18 ядролық жарылыстың 11-і тоқтатылды. Тек жетеуін орындау мүмкін болды, соңғысы сол жылдың 19 қазан күні болды. Бұл жетістік – Қазақстан халқының ерік-жігерінің нәтижесі. Осылайша қарағандылық 130 мың кеші митинг өткізіп, сынақтар жалғасқан жағдайда мерзімсіз ереуілді бастау туралы қарар қабылдады. Оларды Семей, Павлодар, Өскемен және Жезқазғанның жұмысшылары, сондай-ақ 1989 жылғы 14 қарашада Үкіметке және КСРО Халық депутаттарына үндеу жасаған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі қолдады, онда Қазақстанның қайғы-қасірет шеккен жеріндегі ядролық жарылыстарды дереу тоқтату туралы шұғыл өтініш айтылды. 1989 жылғы 20 қарашада еліміздің Жоғарғы Кеңесі қаулы қабылдады, оның шеңберінде Семей және Жаңа Жер полигондарындағы ядролық жарылыстар тоқтатылды. 1989 жылдың 19 қазанынан бастап Кеңес Одағы атом қаруын сынауды тоқтатты.

Біз қолданған демократияның қысқа сәтінен сен қозғалды және барлық 5 полигонды дәйекті түрде өшірді. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Президентінің Жарлығымен Семей полигоны жабылғанын кейін ядролық сынақтар қарсы наразылықтарда Жаңа Жердегі (Ресей), Невададағы (АҚШ), Муруроа атоласындағы (Канада, Франция) және Лобнордағы (ҚХР) полигондар жабылды. Ядролық полигондарды жабу да Қазақстан бастан кешкен моральдық және материалдық залалды қиыншылықтарға қарамастан, әлемге халықтың ізгі ниетін біріктіру мүмкіндігін көрсетті.

Қазақстан өз аумағындағы ядролық сынақ полигонын бірінші болып жапқандықтан, әлемде бірінші болып өзін өз еркімен «ядролық қарусыз мемлекет» деп жариялады. Содан кейін әлемнің ең биік мінберлерінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті ұсынған жаңа жариялаған басқа да бейбіт бастамалар болды.

Қазақстандықтар ядросыз әлем үшін күресте ерқашан алдыңғы қатарда болды. Олжас Сүлейменов 1984 жылы өзімен жазушыларының София кездесуінде өзімен сөзінде бейбітшілік туралы былай деді: «Бірінші атомның жарылуы адамзаттың алдағы құлдырауының белгісі болды. Бұл бізде соңғы ядролық жарылыс Адамның ұлы нәсілінің моральдық құлдырауының соңы болуы мүмкін екенін өскерттеді».

## Күрес жалғасады

Үш онжылдық ішінде бітімгершілік саласында үлкен төжірібе жинақтап, антиядролық қозғалыстың ардагерлері, белсенділері мен еріктілері өздерінің

алдағы қызметінің перспективаларын анықтады.

Жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, бүкіл әлемдегі қарусыздану процесі үшін күресті жандандыру және Жердегі барлық ядролық полигондардың жабылуына қол жеткізу және басқалардың пайда болуына жол бермеу басты мәселе болды. Жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түріне толық тыйым салу, оларды адамзат өркениетінен шығару, мұның өзі көп жылғы ядролық сынақтардың зардабын көрген қазақ халқы үшін аса маңызды болып саналады.

Қозғалыс ядролық қару бар елдердің парламентарийлері арқылы ядросыз әлем құруға және жалпы қарусыздану бойынша өзара түсіністік пен ынтымақтастық принциптерін растайтын жаңа серпіп беруге дайын. Бұл ретте Қазақстанның БҰҰ жанындағы ядролық сынақтар мен техногендік атомдық апаттардан зардап шеккендерге көмек көрсетудің халықаралық қорын құру туралы бастамасын іске асыру қажет.

Осыған байланысты Невада тұрғындары БҰҰ-ның «Семей аймағын қалпына келтіру» бағдарламасын іске асыруды жандандыруды және халықаралық ұйымдарды оны қаржыландыруға шақыруды жоспарлап отыр. Ядролық сынақтардан келтірілген зиянды ауқым еліміздің оны жоюға қаражат жұмылдыру мүмкіндігімен салыстыруға келмейді. «Радиация. Экология. Денсаулық» проблемалық комитетінің мақсатты қызметі экологиялық медицина, реабилитация, генетика, әлеуметтік қорғау саласындағы жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен ілгерілетуді қамтамасыз етеді. Себебі, адам денсаулығы – ең шешуші фактор.

Ғалымдар мен мамандардың бірлесуінің нәтижесінде Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын жақсарту, экологиялық жағдайды жақсарту, жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін шығару және т.б. инновациялық технологиялар банкін құру қажет. Қозғалыс өзінің дамуының жаңа тарихи кезеңінде Қазақстан мен бүкіл ғаламшардың астарын зорлық-зомбылық пен қауіп-қатерден азат әлем үшін күреске тартуды негізгі, басым және өзекті мақсат деп санайды және бұл ядросыз әлем үшін планетарлық қозғалысқа жаңа қуатты серіп берді.

2019 жылғы қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының отыз жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Олжас Сүлейменов әлемдік қоғамдастықты ғаламшарымыздағы ядролық сынақтарды толығымен тоқтатуға ғана емес, қолданыстағы ядролық қаруды толығымен жоюға күш біріктіруге шақырды. Мәселенің тұжырымы қазір біздің елдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікке бей-жай қарамайтындардың назарын аударады.

**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ,**  
«Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының вице-президенті.



Дүйсенбі, 2 қыркүйек	Сейсенбі, 3 қыркүйек	Сәрсенбі, 4 қыркүйек	Бейсенбі, 5 қыркүйек	Жұма, 6 қыркүйек	Сенбі, 7 қыркүйек	Жексенбі, 8 қыркүйек
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 04.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 TANSHOLPAN. 10.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.30, 21.25 Т/Х «ӘДІЛ ЗЕРЕ». 14.15 АПТА. 15.15, 01.25 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.30 «ПАРАЛИМПАДАШЫ», Х/Ф. 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.40 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.35 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 03.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.50, 21.25 Т/Х «ӘДІЛ ЗЕРЕ». 14.45, 01.25 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.15 АҚОРДА. 15.30, 02.45 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 15.55 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.40 САНА. 05.00 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 03.25 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.50, 21.25 Т/Х «ӘДІЛ ЗЕРЕ». 14.45, 15.40, 01.25 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.15, 03.00 АҚСАУЫТ. 15.55 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.55 САНА. 04.50 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.50, 21.25 Т/Х «ӘДІЛ ЗЕРЕ». 14.45, 01.25 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.15, 04.10 УЛЫ ДАЛА ДУЫРЫ. 15.55 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.40 САНА. 04.50 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.10 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00, 03.15 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.50 Т/Х «ӘДІЛ ЗЕРЕ». 14.45, 01.15 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.15, 02.35 БІРЕГІ. 16.05 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 20.30, 00.30 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА». 22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 00.00 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.30 САНА. 04.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.10 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 07.00, 04.10 «АУЫЛДАСТАР». 07.35, 03.30 «ЗИНЬАР». 08.20, 04.40 ШАҢЫРАҚ. 08.55 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00, 02.30 ТЕЛЕДҮРІГЕР. 13.00 КОНЦЕРТ. 16.05 М/Ф. 17.20, 01.50 «ҚОС ПАЛАТА». 17.40, 02.10 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «ДОС-МҰҚАСАН», Х/Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30 АҚПАРАТ. 07.00 «АУЫЛДАСТАР». 07.35 «САҒЫНДЫҒРАН ӨНДЕР-АЙ». 08.50, 03.35 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 09.35, 05.05 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 13.40 М/Ф. 14.55 «ДОС-МҰҚАСАН», Х/Ф. 17.30, 03.05 АНСАҒАН СӨБИ. 19.00 V ДУНИЕЖҮЗІЛІК КОНЦЕРТ. ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ. 21.00, 02.00 АПТА. 21.50, 02.50 АҚОРДА. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 23.30 ПАРИЖ 2024. XVII ЖАЗҒЫ ПАРАЛИМПАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ. 04.20 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 2 қыркүйек	Сейсенбі, 3 қыркүйек	Сәрсенбі, 4 қыркүйек	Бейсенбі, 5 қыркүйек	Жұма, 6 қыркүйек	Сенбі, 7 қыркүйек	Жексенбі, 8 қыркүйек
-------------------------	-------------------------	-------------------------	-------------------------	---------------------	----------------------	-------------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «БІРЖАН САЛ», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 PRESIDENT. 10.25 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 15.30 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2024. 16.00, 23.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ШОҚАН УЛЫХАНОВ», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 15.30 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2024. 16.00, 23.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ТІМРИС», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 НЕОСЕТЬ. 10.20 КӨЗҚАРАС. 10.45 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 15.30 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2024. 16.00, 23.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.15 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 15.30 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2024. 16.00, 23.30 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/С «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 06.00 «МҮЗБАЛАҚ», АНИМ-Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 КӨЗҚАРАС. 10.25 М/Ф. 11.15, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 15.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ». 15.30 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2024. 16.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 23.30 «НА ЛИНИИ ОГНЯ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «MANDAI TER». 06.30 ЖЕТІ ҚАЗЫНА. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 10.55 М/Ф «АРТУР И МИНИПУТЫ». 12.00 «НА ЛИНИИ ОГНЯ», Х/Ф. 14.00 «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2024». 14.30 Т/Х «ШАШУ». 16.00, 23.45 «ГДЕ МОЕ КОЛЫЮ», Х/Ф. 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.45 «НА ЛИНИИ ОГНЯ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 MANDAI TER. 06.30 ЖЕТІ ҚАЗЫНА. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «АРТУР И МИНИПУТЫ». 12.00 «ЗНАЧИТ, ВОЙНА», Х/Ф. 14.00 АЛҒАШҚЫ. 14.45 Т/Х «ШАШУ». 16.15, 23.45 Х/Ф. 18.00 V ДУНИЕЖҮЗІЛІК КӨШЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ. 21.00 7 КҮН. 21.45 «НА ЛИНИИ ОГНЯ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 2 қыркүйек	Сейсенбі, 3 қыркүйек	Сәрсенбі, 4 қыркүйек	Бейсенбі, 5 қыркүйек	Жұма, 6 қыркүйек	Сенбі, 7 қыркүйек	Жексенбі, 8 қыркүйек
-------------------------	-------------------------	-------------------------	-------------------------	---------------------	----------------------	-------------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.40 «П@УТИНА». 06.50 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 Т/С «САША+ДАША+ГЛАША». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.20 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00, 03.40 «П@УТИНА». 06.50 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «СМЕХ И ГРЕХ». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.20 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00, 03.40 «П@УТИНА». 06.50 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «СМЕХ И ГРЕХ». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.20 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00, 03.40 «П@УТИНА». 06.50 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «СМЕХ И ГРЕХ». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.20 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00, 03.50 «П@УТИНА». 06.50 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «СМЕХ И ГРЕХ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРИАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ЗНАХАРЬ. ОХОТА БЕЗ ПРАВИЛ». 02.35 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».	06.00 ТАМАША CITY. 06.50, 03.35 «П@УТИНА». 07.45 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 09.00 ҚАЙМАҚ, Х/Ф. 13.45 «ОПЕКУН», Х/Ф. 17.40 «ЧЕМПИОН МИРА», Х/Ф. 20.35 «ВТОРОЙ ШАНС», Х/Ф. 01.00 «НОЧНЫЕ СЕСТРЫ», Х/Ф. 02.45 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 04.20 УШҚАЛАҚ.	06.00 ТАМАША CITY. 06.40, 03.50 «П@УТИНА». 07.25 Т/Х «РОДИТЕЛИ ГОДА». 08.25 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.35 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.35 «НЕ ГОВОРИ МНЕ О ЛЮБВИ», Х/Ф. 13.45 «ЛЮБОВЬ ЗАКРЫТЫМИ ГЛАЗАМИ», Х/Ф. 17.50 «СИНДРОМ ОТЛОЖЕННОГО СЧАСТЬЯ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «Я НЕ ВЕРЮ», Х/Ф. 01.25 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ». 03.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ».

Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.



## «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» ФИЛИАЛЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының қызметкерлері «Сыбайлас жемқорлық, оның түрлері мен жауапкершілігі» тақырыбында семинарға қатысты. Іс-шараға СҚО бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет инспекторы Святлана Зайцева қатысты.



қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін оқыту іс-шаралары өткізіледі. Семинар барысында сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың негізгі түрлері, сондай-ақ оларды жасағаны үшін жауапкершілік шаралары қаралды.

«Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ашықтықты қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен ынтымақтастық маңызды. Семинарлар өткізу ықтимал бұзушылықтардың алдын алуға ғана емес, қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға мүмкіндік береді», - деп атап өтті филиал директоры Еркін Жұмабай.

Естеріңізге сала кетейік, егер көрсетілген қызметті алушыларға бұзушылықтар туралы белгілі болса, бұл туралы 1414 нөміріне қоңырау шалу немесе ақпаратты compliance.control@gov4c.kz пошта мекенжайына жіберу арқылы хабарлауға болады.

### С ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

## ШОП ШАБУ ВЕЗИНДЕГІ ОРТ ҚАУШСІЗДІГІ

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі шоп шабу кезінде өрттерді белгілеу мақсатында, аудан тұрғындарына, шаруашылық қожалықтарының басшыларына, жер учаскелерінің жетекшілеріне және иелеріне сақтық шараларын еркіндей қажеттілігі туралы жеткізеді:



- ушқын сөндіргіш құрылғылармен жабдықталмаған, отын және гидравликалық жүйелерінде ЖЖМ ағып жатқан, өрттерді сөндіру құрылғыларымен жабдықталмаған автотракторлық техниканы жұмысқа жібермеу;
- сөндірілмеген алаулар, бықсылған төмекі мен сіріңкелерді қалдырмау;
- жалға алынған және тиесілі шабындық алқаптарда толық көлемде қатты жем-шөптің жинауын жүзеге асыру;
- 1. Тұрғын үйлердің үй жайлық телімдерінде ірі азық-ғимараттар мен аула құрылыстарынан 15 метрден кем емес қашықтықта сақталады.

- 2. Ірі азықтық көрсетілген қашықтықта сақтау мүмкін болмағанда, қосымша 500 литрден кем емес суы бар ыдысты қамтамасыз еткен жағдайда, қашықтық, 5 метрге қысқартылады.
  - 3. Ірі азықты қора, шаруашылық, құрылыстарының төбесіне, электро өткізгіштер желілерінің, астыңғы жағына сақтауға тыйым салынады.
- Есте сақтаныз:** Әрдайым өрт қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Сіз өзіңізді және басқаларды ауыр зардаптардан сақтайсыз.
- Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.**

## ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЦИФРЛЫҚ СЕΝІМХАТЫ

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш министрлігі және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен бірлесіп «eGov Business» мобильді қолданбасында «Заңды тұлғаның цифрлық сенімхаты» сервисін іске қосқаны туралы хабарлайды.



өзара іс-қимылды одан да тиімді, ашық және ыңғайлы етеді.

### Пайдаланушыға онлайн сенімхат беру үшін:

- eGov Business мобильді қолданбасында авторизация жасау;
- басты бетте «Сенімхаттар» қойындысына кіру және «Сенімхат құру» батырмасын басу;
- қажетті өрістерді толтыру, «Сенімхат жасау» батырмасын басу және содан кейін «Қол коды» басу қажет.

Бұл сервис ұйым басшыларына өз қызметкерлеріне сенімхат беру процесін едәуір жеңілдетеді және жеделдетеді.

Бұған дейін заңды тұлғалардың басшылары сенімхаттарды тек қағаз түрінде рәсімдеген, бұл көлік шығындары мен кенсе тауарларына белгілі бір уақыт пен қаржылық шығындарды талап еткен, сондай-ақ мұндай сенімхаттардың заңдылығын тексеру мүмкіндігі болмаған.

Енді заңды тұлғалардың басшылары ЭЦҚ-ға қол қою арқылы өз қызметкерлеріне онлайн форматта сенімхаттарды оңай және қауіпсіз бере алады, бұл ұйым ішіндегі

Қол қойылғаннан кейін сенім білдірілген жеке тұлға eGov Mobile қолданбасының Жеке кабинетіне хабарлама келіп түседі. Бұдан әрі қолданыстағы сенімхат туралы ақпарат «Цифрлық құжаттар» бөлімінде сақталады. Өз кезегінде заңды тұлғаның бірінші басшысында eGov Business қолданбасының «Сенімхаттар» қойындысында бұрын берілген барлық сенімхаттармен танысу мүмкіндігі бар.

Онлайн сенімхат – бұл компанияның атынан жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін сенімхаттарды басқарудың заманауи және қауіпсіз әдісі.

### СЖЕЛІК ПОЛИЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ

## «ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП» ЖПІШ БІРІНШІ КҮНІ 20 ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

«Құқықтық тәртіп» ЖПІШ мақсаты - қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, өуе және теміржол көлігі объектілеріндегі қылмыстардың алдын алу, жолын кесу.

«Құқықтық тәртіп» ЖПІШ бірінші күні Петропавл ст. ЖПБ ӘПБ қызметкерлерімен 20 әкімшілік құқықбұзушылықтар анықталынды. Атап айтқанда қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдік ішу бойынша - 1 факті тіркелініп ҚРӘҚБТК-нің 440 бабының 1 бөлігі бойынша №16 «Петропавл-Алматы» бағытындағы жолаушылар поезының №13 вагонында «Рик» маркалы сыра ішімдігін ішіп отырған 31 жасар Қызылжар қаласының азаматшасына 9230 теңге көлемінде айыппұл салынды. Жеке басын анықтайтын құжаттарынсыз тұрып жатқаны үшін құқық бұзған 1 шетел азаматына қатысты ҚРӘҚБТК-нің 492 бабының 1 бөлігімен айыппұл салынды, темір жол бойын белгіленбеген жерден өту бойынша - 13 факті тіркелініп ҚРӘҚБТК-нің 559 бабының 5 бөлігімен азаматтарға ескерту берілді, ҚРӘҚБТК-нің 434 бабының 2 бөлігімен - 2 құқық бұзушылық анықталынды, ал ҚРӘҚБТК-нің 517 бабының 4 бөлігі бойынша көші-қон заңнамасын бұзған - 1 факті тіркелінді.

ЖПІШ «Құқықтық тәртіп» өту мерзімі ішінде Петропавл ст. темір жол вокзалында радио байланысы арқылы күні бойы ӘПБ қызметкерлері қала тұрғындарына барлық құқық бұзушылықтарға нұқсанын қарамауға, қоғамдық орындарда бұзушылық жасамауға, Қазақстан Республикасы заңнамаларын бұлжытпай сақтауға шақырады.

Петропавл ст.ж.б.

2024 жылдың 26-28 тамызы аралығында Петропавл ст. теміржол вокзалында ЖТБ қызмет атқаратын аумақта республикалық «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық іс-шарасы өтті.



## 2024 ЖЫЛДЫҢ 3-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі - Қайыржанов Марат Қанатұлы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бастомар ауылы, тел. 3-57-33.

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру жағат:

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-57-33.

<p>Директор - бас редактор Неля ГОИЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекенжайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баши көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспадан нөмісі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan zhuldyz» газеті редакцияда терісін беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Кочуков к-сі, 5 үй). Тарапымыз - 630</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік аппараттық сипаттағы жүргізуші ресми баспасым болып табылады</p>
-----------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолажабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады